

Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 7 тамыз жұма 2015 жыл № 29 (31)

Кәсіби мемлекеттік аппарат құру жолдары

Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет құрудың ұлттық жоспары- „100 нақты қадамның„ алғашқы он бес қадамы аясында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Елбасының ұсыныстарын қолдай отырып, оны жүзеге асырудың нақты жолдарын белгіледі. Бұл жөнінде кеше қалалық әкімдікте „Біздің міндет-халыққа қызмет„ тақырыбында семинар болып өтті. Онда ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасы бөлім жетекшісі Әсел Нұрланқызы Біләлова баяндама жасап, елімізде кәсіптік мемлекеттік аппарат құрудың белгіленген жолдарын түсіндірді.



Ақтаудың алар асуы алда



Ақтауда
7016 тұрғын бар.
Кентте он сегіз ұлттың өкілі
тұрады.


Шағын және орта бизнесте 83 жеке тұлға
тіркелген.

Үш орта мектепте мыңға жуық бала оқып жүр.
145 бүлдіршін мектеп жасына дейінгі тәрбиемен
қамтылған.

Кент бюджеті былтыр 139 млн. 527 мың теңгені
құрады.

Тәулігіне 150 адам қабылдайтын
емхана және аурухана жұмыс
істейді.

5 - бет



Прокурорлық қадағалау

ҚР Президенті Н.Назарбаев баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет құрудың 100 нақты қадамында Заңның үстемдігін қамтамасыз ету шараларына ерекше маңыз беруді қадап тапсырды. Осы маңызды құжаттың 16-34 қадамдары дәл осы мәселелерді қамтыған. Мәселен, 26-шы қадамда «Сот ресімдерін оңайлату және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға прокурордың қатысуын қысқарту, азаматтық іс жүргізу кодексіне тиісті өзгертулер енгізу» деген міндет қойылған.



заң қызметкерінің қабылдауына алғашқы болып жазылған жеті адамның бірқатары жалақының төленбеуі, кешеуілдеуі сияқты мазмұндағы дау-дамайға байланысты шағымдармен келген. Соның бірі Теміртаудағы «Қазақстанстальмонтаж», ЖШС қызметкері Нина Малинина, ол өзі еңбек еткен осы мекеменің мамыр айынан бері жалақысын себепсіз кешеуілдетіп отырғанын айтады. Жалпы бұл аталған мекемеде жұмыстан кеткендермен есептесу жағы мүлде күрделі, басшылар «ақшаны тек жұмыс істеп жүргендерге ғана төлейміз, жұмыстан шыққандарға ақша жоқ», дегенді көлденең тартады дейді ол. Сондай-ақ Л.Филиппова, Е.Борисенко Бұқар жырау аудандық, Абай қалалық

Тұрғындарды қабылдады

Осы ретте облыс, қала заң қызметкерлері «100 нақты қадамда» белгіленген шараларды жүзеге асыру үшін аймақ тұрғындарымен кездесіп, қабылдаулар өткізіп, әлі де болса орын алып отырған заңға қайшы әрекеттерге тосқауыл қоюдың шараларын қарастырып, «100 нақты қадамды» насихаттап, түсіндіруде.

Осы аптада мұндай кездесу Теміртау қаласында да өткізілді. Қалалық әкімдіктің

үлкен мәжіліс залында облыс прокурорының бірінші орынбасары Рашид Дубаев қабылдау жасады. Мұндай қабылдаудың болатынын алдын-ала білген жұрт өздерінің түрлі арыз-шағымдарын, ұсыныс-пікірлерін айтты. Мәселен, Саран қаласындағы «Технология», ғылыми-тәжірибелік филиалының жұмысшысы Л.Диеев 196 мың теңге көлемінде жалақы қарызының өтелмей қалғанына шағымданды. Жалпы,

соттарының шешімдерімен келіспейтіндіктерін, төреліктің дер кезінде орындалмайтынын айтып прокурордың қабылдауында болды. Мұндай қабылдаулар азаматтардың заңның орындалуына, оның үстемдігін қамтамасыз етуге қол жетімділігін жеңілдету үшін өте қажет.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Қала жаңалығы

Жыл өткен сайын жаңа технологиялар дамып, қолданысқа кеңінен еніп жатқаны мәлім. Бұл ретте қала көшелеріне қойылған бейне бақылау камераларын атап айтуға болады. Соның нәтижесінде бірқатар тәртіп бұзушылықтар мен жол ережесіне пысқырмайтын жүргізушілердің заңға қайшы әрекеттері дәлелденіп, осындай құқықбұзушылықтар қатарының азаюына өз септігін тигізуде.

Бейне бақылау орнатылуда

Былыттан бері бейне бақылауларды қаламыздағы орта білім беретін мектептер де өз тәжірибелерінде қолданып, оқушылар арасындағы тәртіпсіздіктер мен сабаққа кешігіп келу, ұялы телефон ұрлығы секілді басқа да ұсақ бұзақылықтардың алдын алуда және дәлелдеуде тамаша дәлел мен дәйекке айналып отыр. Былыт қаламыздағы он екі орта мектеп бақылау жүйесін орнатып үлгерген-ді, ал биылғы жаңа оқу жылына дейін қалған білім ошақтары тегіс қамтылмақ. Бұл жөнінде қалалық білім беру бөлімі басшысының орынбасары Татьяна Зорина былай дейді:

- Әрине, бейне бақылаулар орнату жасөспірімдердің қылмысына қарсы құрал емес, керісінше, тәртіп бұзушылықтың алдын алу үшін қолданылатын тәсіл. Бейне бақылау орнатылған мектептердегі оқушылармен қатар мұғалімдердің және мектеппен тығыз байланыс жасайтын ата-аналардың да өз істеріне, яғни ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершіліктері арта түсті.

Мамандар былыттан бері көптеген проблемалық жағдайларды осы бейне бақылау арқылы оңай және жедел шешкендерін айтады. Алдағы күзге дейін, яғни жаңа оқу жылына дейін тағы он сегіз мектепке осы бейне бақылау жүйесі орнатылады, сөйтіп, бұл мәселе толығымен шешімін табатын болады.

Өз тілшімізден



Республикалық акция

Елбасының тапсырмасына орай „Мектепке жол„ деп аталатын дәстүрлі республикалық акция басталды.

Акцияның мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасы оқушыларын қолдау, олардың жаңа оқу жылына әзірлігіне қамқорлық жа-

сөйтіп, олардың мектепке жиналуына көңіл бөлу қажет.

Бала тағдырына бей-жай

«Мектепке жол» басталды

сау болып табылады. Бұл қайырымдылық шаралары барысында негізінен білім беру жүйесімен қамтылмай жүрген балаларды анықтауға баса көңіл бөлу қажет, сондай-ақ мектепке бармаудың алдын-алу шараларын қарастырып, аз қамтылған отбасылары мен олардың балаларын тұрақты қамқорлыққа алу,

қарамайтын әрбір азамат, әрбір мекеме, ұжым осындай оқушылардың мектепке толық әзір болуы үшін оларға көмек ретінде оқу құралдарын, қажетті жабдықтарын, киім-кешектерін жинастырып, сондай-ақ балалардың дер кезінде құжатты болуы, мектепте олардың тамақтануына төленетін



ақшалай қаражаты, аз қамтылған отбасыларға белгілі бір ұйымның шефтік қамқорлығы сияқты көмектерді ұйымдастыруға тиіс.

„Мектепке жол„ акциясын ұйымдастыруға байланысты қосымша ақпараттарды мына телефондар арқылы алуға болады: (87212) 98-16-95, 87212 92-23-98.

Бәріміз балаларға көмектесейік.

Көмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия



Қоғамдық ұйымда

Жыл сайын елімізде 30 шілде күні адам саудасына қарсы дүниежүзілік күрес күні аталып өтіледі. Осыған орай қаламыздағы „Қайсар„ қоғамдық бірлестігі акция өткізді.

- Бұл проблема тек біздің аймақта, немесе қалада ғана емес, еліміз бойынша аса күрделі болып табылады. Одан ерлер мен әйелдер ғана емес, балалар да зардап шегетіні анық. Ал әлемдегі адам саудасының ең кең тараған түрі- қыздардың төнін саудалау

және балалар еңбегін пайдалану, сонымен қатар мәжбүрлеп қайыршылыққа итермелеу болып табылады. Бүгінгі біздің акция қоғам назарын осы мәселеге аудару,-дейді „Қайсар„ қоғамдық бірлестігінің басшысы Оксана Тарабукина.

Әрине, бұндай жағдайға ең бірінші кезекте тұрмыстық-әлеуметтік жағынан әлжуаз топтағы адамдар жиі кез болатыны жасырын емес. Қылмыстық топтар адамды арбау-алдау тәсілімен құрықтарына оп-оңай түсіріп жатады. Сөйтіп олардың құжаттарын алып, тіпті күш көрсетіп, кейде туыс-туғандарына қастандық жасаймыз деп қорқытып-үркітіп мәжбүрлейді. Осылайша адамдардың еңбек күшін заңсыз, ақысыз пайдаланатындар кездеседі. Мұндай жағдайдан



қашып-құтылу оңай емес. Бір ғана біздің облысымыздың өзінен ондаған мысалдарды келтіруге болады. Осындай

құлдықтан сәтін түсіп қашып құтылғандар көп жағдайда қайда болғанын дәлелдей алмайды, өзін кімдердің қайда алып

кеткенін де жөндеп айтып бере алмайды. Сондықтан бұл акция барысында тұрғындарға ескертулер мен қайда, қандай телефон нөміріне хабарласу керектігі жазылған буклеттер таратылды.

Егер деректерге назар аударсақ, үстіміздегі жылдың алғашқы алты айында осы мәселеге қатысты 24 қылмыстық іс қозғалыпты. 16 қылмыстық іс жеңгетайлыққа қатысты қозғалған, екеуі көмелетке толмағандарды жезөкшелікке итермелегені үшін мұның. Міне, айта берсек, фактілер бар, одан сақтану үшін осы акция тұрғындардың назарын аударып, оларға ақпараттар мен мәліметтер бар парақшалар таратты.

Өз тілшімізден

Шағын қаладан - аймақтық дамуға

Қалалық әкімдікте

Биыл қала атанғанына 70 жыл толғалы отырған Теміртау осы уақыт ішінде әртүрлі даму кезеңдерін бастан өткізді. Қарағанды металлургия комбинаты салынып, іске қосылған алпысыншы жылдар аса қарқынды, интенсивті түрде құлашын кеңге сермеген шаһардың бір кездері 250 мыңға жуық тұрғыны болғаны тарихтан белгілі. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары өтпелі кезеңдегі экономикалық бәсеңдік қаланың көркіне де кері әсерін тигізді. Көптеген кәсіпорындар, мекемелер, тұрғын үйлер, әлеуметтік мәдени мекемелер иесіздікке тап болды. Ал экономика өрлеген екі мыңыншы жылдары металлургтер қаласы қайтадан гүлденіп, көркейіп, қанатын кеңге жайды. Ел Үкіметі шағын қалаларды дамытудың кешенді жоспарын белгілеген 2012 жыл біздің Теміртаудың жұлдызды шағы болды десе артық айтқандық емес. Республика бойынша жиырма жеті, ал облыста сегіз қаланың бірі болып республикалық бюджеттен арнайы қаражат қаралып, дамудың даңғыл жолы ашылды.

Өткен жылы бұл бағдарлама ҚР Үкіметі қаулысымен аймақтарды дамытудың 2015-2017 жылдарға белгіленген жаңа бағдарламасы болып қайта қаралды. Бұған дейін қаланы дамытудың кешенді жоспары 2013-2015 жылдарды қамтып, онда алға қойылған міндеттердің негізгі көрсеткіштері ретінде өнеркәсіп өнімдерінің көлемі, шағын және орта бизнестің аса белсенді нысандарының саны, күнкөріс деңгейінен төмен кірісті тұрғындардың үлесі және жұмыссыздық деңгейі алынған болатын. Теміртаудың осы негізгі даму цифрларына көз салсақ, мұнда 2012 жылдан бастап осы аталған көрсеткіштердің айтарлықтай деңгейде болғанын байқауға болады. 2013-2015 жылдары Теміртаудың шағын қала ретінде дамуы кешенді жоспарына екі қанатқақты жоба енгізілген болатын, оның бірі «Қарцемент», АҚ өндірісінде №5 технологиялық жүйені іске қосу арқылы цементті құрғақ әдіспен өндіру жобасы жүзеге асып, жылына 1,5 млн. тонна өнім шығаруға қол жетті, жаңадан 115 жұмыс орны құрылды, биыл бұл кәсіпорын жобалық қуатына қол жеткізеді. Белгіленген екінші жоба «Казэнергомаш», ЖШС-да вагондар мен темір жол арбаларын шығару. Мұның бірінші кезегінде 84 жұмыс орны құрылды, қазір екінші кезек бойынша цех ғимаратының құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. 2015-2017 жылдарға 168 жұмыс орны құрылатын тағы екі қанатқақты жоба қабылданды. Оның бірі құны 983 млн. теңге тұратын 68 жұмыс орнына арналған, жылына 150 мың текше метр бетон өнімдерін шығаратын құрылыс заводы, қазір мұнда темір конструкцияларды құрастыру аяқталуға

жақын, жобалық қуат 2016 жылы игеріледі. Ал қаптау кірпіштерін шығаруға арналған тағы бір заводта құрылыс жұмыстары жүріп жатыр, мұнда жылына 35 млн. дана Теміртау кірпіштері шығарылады. Шағын қала бағдарламасы қабылданудан бұрын Теміртауда өнеркәсіп өнімдерінің іргелік көлемі 433, 1 млрд. теңгеге тең еді, индустрияландыру картасы аясында «АрселорМиттал Теміртау», АҚ өндірісін дамыту және жаңалау, сөйтіп, болат өндіруді жылына 6 млн. тоннаға жеткізу жобасы жоспарланған. Бірақ қазіргі дағдарыс жағдайына байланысты бұл жобаның орындалуы 2019 жылға қалдырылды. Дегенмен өнім көлемін өсіріп, бұрнағы жылдарға қарағанда біршама арттыру әлі де күн тәртібінен түскен жоқ.

Шағын қаланы дамытудың басты көрсеткіштерінің бірі шағын және орта бизнесті неғұрлым белсендірек дамыту екені көрсетілген. Осы жоба бойынша 2011 жылғы көрсеткіштерді екі еселеу міндеті қойылды. Қазір қалада үстіміздегі жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 6274 шағын және орта кәсіпкерлік нысандары жұмыс істейді, бұл осыдан төрт жыл бұрынғыдан он екі пайыз артық. Былтыр барлығы 7340 шағын және орта бизнес нысаны есепте тұрса, соның 6172-сі белсенді және кідіріссіз жұмыс істеген. Қала бюджетіне 3,2 млрд. теңге төлемдер құйған.


Шағын қаланы дамытудың тағы бір негізгі көрсеткіші ең төменгі күнкөріс шегінен төмен табысты тұрғындар санын азай-

ту тапсырмасы да ойдағыдай орындалды. Қазір бізде мұндай адамдардың саны 741 екені тіркелген. Сондай-ақ облыстық статистика басқармасының деректері бойынша өткен жылы жұмыссыздар қатары бұрынғы 5 пайыздан 4,8 пайызға дейін төмендеді. Жыл соңына дейін мұны жақсарту жолдары белгіленіп отыр. Өндірісті шағын және орта бизнесті дамыту арқылы қала тұрғындарының санын да арттыру шағын қаланы дамытудың тағы бір көрсеткіші. Қазір бізде осы жылғы бес айдағы есеп бойынша 184 542 тұрғын бар. Ал қала ұстаушы «АрселорМиттал Теміртау», өндірісінде жұмыс істейтін адамдар саны 13 700. Қаланы кешенді дамытудың жоспары аясында негізгі жұмыс орны болып табылатын «АрселорМиттал Теміртау», кәсіпорны бірқатар көмекші және өндіріске қызмет етуші кәсіпорындарында өз қажеттері үшін тапсырмалармен қамтамасыз етуге тиіс. 2007 жылдан бері бұл кәсіпорында он көмекші өндіріс бұрынғы жұмыс орындарын сақтай отырып, аутсорсинг бойынша бөлінді. Сондай-ақ осы «АрселорМиттал Теміртау», АҚ кәсіпкерлікті дамытуға өз үлесін қосу үшін әріптестік бағдарламасы аясында 38,7 млрд. теңге тұратын он алты келісімшарт жасады. Сөйтіп, қаладағы бірқатар шағын және орта бизнес құрамдарына өз тапсырыстары арқылы жұмыс мөлшерін қамтамасыз етіп отыр.

Осыдан екі жыл бұрын кәсіпкерлікті қолдау орталығы құрылып, жұмыс істей бастады. Мұнда түсіндіру, маман

кеңестерін, беру жұмыстары үнемі атқарылып келеді. Үстіміздегі жылы Қарағанды облыстық кәсіпкерлер палатасы қалалық филиалының жанынан кәсіпкерлерді қолдау орталығы ашылып, өз жұмысын бастады. Мұнда осы қысқа мерзімде 249 тұтынушыға 747 түрлі кәсіби кеңестер берілді. Соның нәтижесінде ондаған адам мемлекеттік қолдауға ие болды.


Қаланы кешенді дамыту жоспарының төртінші бағыты



жөндеуге жұмсалды. Сөйтіп, шағын қала бағдарламасы бойынша Теміртаудың бірқатар қала ішілік көлік жолдары және мәдени, білім беру, денсаулық сақтау нысандары күрделі жөндеуден өтті. Кәсіпкерлікті дамытуға 150 млн. теңге бөлінді. Олардың ішінде бүгінде қала тұрғындарының игілігіне арналған шағын хайуанаттар бағы, су тазалайтын кәсіпорын, механикалық цех, есік-терезе жасайтын шеберхана және тағы басқалары бар.

Жалпы 2012-2014 жылдары шағын қалаларды кешенді дамыту бағдарламасы аясында даму бюджеті негізінде бөлінген 1935,6 млн. теңгеге төрт жоба орындалып, екеуі қазір аяқталуға жақын. Бір айта кетерлігі, үстіміздегі жылдан бастап 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы өзінің күшін жойды, енді бұдан былай 2020 жылға дейін аймақтарды дамыту бірыңғай бағдарламасы аясында Теміртау сияқты шағын қалаларға арнайы қаражат қарастырылады. Үстіміздегі жылы мақсатты трансферттер бойынша 717,1 млн. теңге бөлінді, соның ішінде даму бюджеті 227,6 млн. теңге. Өлемдегі қаржылық дағдарысқа байланысты бұған дейін белгіленген трансферттер көлемі біршама азайды, дегенмен біздің қала үшін әлі де өткір күйінде қалып отырған шешімін күткен проблемалар бар. Оны қалалық бюджет есебінен шешу мүмкін емес. Соның бірі азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету. Осы жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша тұрғын үй кезегінде 2314 адам тұр, бірақ бұған дейін белгіленген Толяти көшесіндегі №44 үйді жаңалау, 42 пәтерлік жаңа үй салу жоспары орындалмайтын түрі бар. Сонымен қатар қаражат жетімсіздігінен жолдарды жаңалау және жөндеу жөніндегі тоғыз жоба орындалмады. Қалада ауыз су тарататын құбырлар ескірген, оларды жаңалау жобалары қалалық бюджет есебінен жасалғанына қарамастан, таяу жылдары орындалатын түрі жоқ. Қалалық әкімдік және экономика мен қаржы бөлімі үстіміздегі жылы аймақтарды дамыту бағдарламасын жүзеге асырудің мониторингтік бақылауын қадағалап, белгіленген шаралардың орындалуы үшін жұмыс істеуде.

Бақыт ҚОНАҚАЕВА,
Теміртау қалалық экономика және қаржы бөлімінің жетекшісі



— Жасөспірімдер көбіне ұрлық, кісі тонау сияқты қылмыстарға барып жатады. Бұл бір жағынан отбасылық қадағалаудың, бос жүрістің көптігінен болуы әбден ықтимал. Әсіресе жазғы демалыста ұрынарға қара таппай жүретін балалар көбіне берекесіз отбасыларынан шығады. Оның үстіне қазір толық емес жанұялар көп. Сондықтан негізгі қылмыс жасаушылар 16-18 жастағы жасөспірімдер болуы заңды. Дегенмен 14-15 жас аралығында осындай келеңсіз әрекеттерге барып қылмыскер атанған балалар да баршылық, — деді Теміртау қалалық Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары Ж.Әділханов.

Құқық қорғаушылар орын алған қылмысты тіркеп тиісті шаралар қолданып заңға сәйкес жазалаумен қатар мұндай әрекеттерді болдырмаудың алдын алудың тәрбиелік-нұсқалық жұмыстар жүргізудің бірнеше амалдарын қарастырған.



Қалалық әкімдікте

Теміртау қаласы Қарағанды аймағы бойынша қылмыстық істер көбірек тіркелетін шаһар етінде танымал болғаны белгілі, бірақ соңғы жылдары бұл жағдай мүлде өзгерді. Тәртіп қорғаушылардың қырағы әрі жанқиярлық жұмысының арқасында жалпы заң бұзушылық, оның ішінде кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмысқа бару фактілері жыл өткен сайын азайып келеді. Осы аптадағы қалалық әкімдіктің кезекті аппарат мәжілісінде осы мәселе жан-жақты талқыланып өзекті әңгіме тақырыбына айналды. Жыл басынан бері бізде жасөспірімдер қолымен жасалған 24 заң бұзушылық фактісі тіркелген, салыстырып көрейік, өткен жылдың дәл осы мерзімінде бұл цифр 89 болатын, яғни 73 пайыз азайған.



Кәмелетке толмағандардың беймезгіл, түнде қыдыруы үлкендер баратын қоғамдық орындарда болмауы да сақшылар назарында. Биылғы 7 айда қалалық Ішкі істер басқармасы 1472 әкімшілік тәртіп бұзу жөнінде хаттама толтырған. Оның басым көпшілігі жасөспірімдердің түнге қарай беталды жүруі жөнінде. Сондай-ақ кәмелетке толмаған баланы спиртті ішімдікке үйір

Жасөспірімдер арасында қылмыс азайды

ету бабы бойынша екі құқық бұзу оқиғасы анықталған. Тәртіп бұзуға бейім балаларды арнайы мамандандырылған мекемелерге жіберу жөнінде биыл 16 материал жинақталып соның 5-і тиісті ұйымдарға әлгіндей бұзақылыққа бейім балаларды

жіберумен аяқталды.

— Көшеде балалар түрлі жаман әдеттерге баруға бейім тұрады. Биыл жыл басынан бері осылайша 242 жасөспірім есепке алынды, бұл енді былтырғыдан аз болғанымен қол жеткенді місе тұтпай тәртіп бұзудың қай саласында болмасын нөлдік көрсеткішке қол жеткізу ішкі істер қызметкерлерінің басты міндеті. Сондай-ақ бала тәрбиесіне отбасының, ата-анасының

ықпалы туралы айтқанда қаламызда 193 берекесіз отбасының есепте тұрғанын естен шығармаймыз. Алдымен сондай жанұядағы балалар жіті бақылауда болады. Оларға байланысты биыл 16 қорғау талабы жасалды, — деді есеп беруші.

Кәмелетке толмағандар тәрбиесі жөнінде әңгіме қозғағанда мектеп инспекторларының қызметін ерекше айтқан жөн. Қаланың оқу орындарында мұндай лауазымды мамандар жетіспейді. Қазір екі мектепке бір инспектор тағайындалған. Мектептердегі жағдайды үнемі бақылауда ұстау үшін ол аймақтарды үнемі патрульдік қадағалау жүзеге асырылады.

Қалалық әкімдіктің күн тәртібінде қойылған бұл мәселе білім беру саласы мамандарын да толғандырады анық. Мектептер өсіп келе жатқан ұрпақтың тек білімді ғана емес

сонымен бірге тәртіпті, тәлімді азамат болып өсуіне де мүдделі. Бұл ретте қалалық оқу бөлімі басшысының орынбасары Татьяна Зорина мектептердегі тәртіп бұзушылыққа жол бермеу шаралары туралы айтты.

— Біз ұстаздар қауымы балалардың кәмелетке толар алдындағы өтпелі кезеңінің аса күрделі екенін жақсы түсінеміз. Оларға ерекше көзқарас қажет. Сондықтан баланы ювенальды полицияға немесе мектеп ішілік арнайы есепке қою — бұл оны қылмысқа бейім адам ретінде бөлектеу емес, қайта оған бұрынғыдан ерекше көңіл бөлу қажеттігін білдіреді. Әр мектепте

тәртіп бұзушылықтың алдын алу кеңестері жұмыс істейді. Қазір қаланың оқу орындарында 29 әлеуметтік тәрбиеші, 29 мектеп инспекторы, 46 психолог жұмыс істейді. Бұл жоғары білікті мамандардан құралған үлкен тәрбиелік күш. Соңғы 5 жылда жасөспірімдер арасында тәртіп бұзудың айтарлықтай азаюы осы мамандардың еңбегінің жемісі, — деді оқу бөлімінің басшысы.

Қалалық әкімдік жасөспірімдер арасында қылмысқа жол бермей көптеген алдын алу шаралары арқылы келешек ұрпақтың тәрбиесін жоғары адамгершілік, отансүйгіштік, еңбекқорлық рухта тәрбиелеу ісіне ерекше маңыз беріп келеді. Осы есептің барысында жасөспірімдер арасында тәрбие жұмысын жақсартуға бағытталған ұсыныстар айтылып, іс-шаралар қабылданды.

С.ЖЕҢІСОВА



Мерекеге дайындық

Тамыздың 3-ші жексенбісі дәстүрлі түрде денешынықтыру және спорт күні ретінде аталып өтуде. Біздің Теміртау қаласында бұл мереке жыл сайын кең көлемде тойланады, өйткені металлургтер мен олардың жанұялары ежелден спортқа да бейім, мұны қала көшелеріндегі көптеген спорт нысандарынан, арнайы жаттығу құралдарынан, насихаттық бағыттағы мүсіндерден де байқауға болады.

Биылғы спорт күнін ерекше атап өту үшін оған алдын ала дайындық жасау, арнайы сценарий құру тапсырылған болатын. қалалық әкімдіктің аппарат мәжілісінде спорт және денешынықтыру бөлімінің бастығы Дәурен Есімханов бұл мерекенің қалай өтетіні жөнінде баяндады.

— Тамыз айы спортшылар үшін ерекше тынымсыз шақ, бізде бірнеше қалалық жарыстар өткізу белгіленген, академиялық ескек есуден, үстел теннисінен, стритболдан қалалық ашық біріншіліктер, балалардың аула клубтары арасында мини футбол жарысы және сауықтыру лагерьлері арасында спартакиада өткізілмекші. Ал 14 тамыз бұл енді осы мерекенің ең басты күні. Орталық стадионға арнайы



сахна орнатылады. Таңертеңнен кешке дейін осы маңайда түрлі жарыстар өткізіледі, көше тренажерлары мен балалардың ойын алаңдары бір сәтке де бос болмайды. Өйткені бұл күні осы алаңқайда 1000-ға жуық бала болады деп жоспарланды. Сахна қызықтары 16.00 сағатта басталады, — дей келіп спорт жетекшісі жыл бойы жақсы көрсеткіштерге жеткен, саланы дамытуға өз үлестерін қосқан белсенділердің марапатталатынын жеткізді.

Соңғы жылдары қала әкімі бірнеше әлеуметтік-қызмет көрсету салалары мамандарын алтын белгімен атап өтуді қолға алған еді. Бұл ізгілікті істен қала спортшылары да шет қалған жоқ.

— Биыл теміртаулық

денешынықтыру және спорт үздіктері 5 аталым бойынша марапатталады, олардың арасында ең үздік ардагер спортшы, үздік денешынықтыру және спорт мұғалімі, мүмкіндігі шектеулі үздік спортшы сияқты ерекше аталымдар бар, тағы 10 адам қала әкімінің алғыс хаттары мен мақтау грамоталарына ие болады, — дейді Дәурен Есімханов.

Қала билігі үздік спортшыларды осылайша мерекемен құттықтап абыройын асырса, денешынықтырушылар да өздері тарапынан туған қалаға құрметпен

ілтипат көрсетіп рахмет айтуды жөн санап отыр.


— Биыл Теміртау қаласына 70 жыл толғалы отыр. Сондықтан біздің спортшылар да өздерінің туған қаласының мерейтойына қолтаңбаларын қалдыруды жөн санап отыр. Бұл сыйлық осы мереке күнгі салтанатты сәтте тапсырылады, ол қала тұрғындарына қуаныш сыйлайды және жастарды патриоттық, спорттық рухта тәрбиелеуге өз үлесін қосады, — дейді спорт басшысы.

С.АЛТАЙБАЕВА



Кемелді кент

2015 жыл Теміртау қаласына 70 жыл толса, Ақтау кентіне 65 жыл толғалы отыр. Металлургиялық шаһарының серіктесі 1950 жылы осында цемент заводының құрылысы салынуына байланысты өмірге келген еді. Ақтау деп аталуының өзі де осы өндіріске қажетті негізгі шикізат әк өндіру орнын ашуға байланысты болғаны мәлім. Бүгінгі таңда әкімшілік бағынуы жағынан Теміртауға қарасты бұл елді мекен басында Астахов әк өндіру орны деп аталып, Молодежный ауданына қарағаны белгілі. Өткен засырдың елуінші жылдары Қазақстан Магниткасының құрылысы қарқын алып, аймақ үлкен құрылыс алаңына айналған кезде таяу маңнан цемент заводын ашу өмірдің өзінен туған қажеттілік еді. „Іздегенге сұраған,“ дегендей, бұл жерде әктің үлкен қоры табылып, Қазақстан Үкіметі «Қарағанды цемент», «Асбестцемент бұйымдары» және «Стройинвентарь» деп аталатын металл құрылғылар заводтарын салып, іске қосқан. Елуінші жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен сол кездегі Тельман ауданына қарасты Астахов цемент заводы тұрған елді мекеніне Ақтау кенті деген ат берілді. Оның аумағына осы цемент заводымен қатар Теміртау тас қарьері, темір жол бойындағы Мырза станциясы кірді. Міне, осылайша, цементтің үлкен отанына айналған Ақтау өзінің тарихын бастады. Сексенінші жылдары мұнда халықтың саны жиырма мың тұрғынға жеткен, қала типтес кентте көп қабатты үйлері бар бірнеше шағын аудандар салынды. Өндірістің қарқынды дамуы, тұрғындар қатарының үздіксіз өсуі бір кездері жұмысшы кентіне қала мәртебесін беру туралы әңгіме қозғауға негіз болды. Бірақ еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер Ақтауға да өзінің әсерін тигізбей қалмады.



тұрғындары көптен бері ауыз су проблемасын шешуге қол жеткізе алмай келеді, оның үстіне экология мәселесі де өршіп тұр. Былтыр

Бүгінгі таңда кент тұрғындарының саны ескі еседен аса азайған, 2009 жылғы халық санағының қорытындысында мұнда 9300 адам тұратыны тіркелсе, қазір мұндағы тұрғындар саны небәрі жеті мыңнан сәл ғана асады. Оның 1747-сі балалар, 3600 адам осындағы түрлі кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыс істейді. Ал 344 адам өзін өзі еңбекпен қамтығандар қатарында.

Бір кездері Қарағанды цемент заводы аймақтағы құрылыс орындарын толықтай қажетті материалдармен қамтып келсе, токсаныншы жылдары өндіріс қарқыны бәсеңдеді, өнім көлемі де азайды. Тек 1998 жылы мұнда Малайзия акционерлерінің келуімен ол „ЦентралАзияЦемент,“ деп қайта аталды. 1953 жылдан бері жұмыс істеп тұрған бұл өндіріс бірнеше қиын кезеңдерді, қайта құруды бастан өткізді. Тіпті жабылып қалуға да таянды. Бірақ ел үкіметінің осы аса маңызды құрылыс материалдарын шығаратын заводқа инвестиция тартып, жаңа технологиялармен әдістерді енгізуге жағдай жасауы нәтижесінде былтыр цементті құрғақ әдіспен шығаратын №5 технологиялық жүйе іске қосылды, 21 млрд. теңгенің өнімі шығарылатын үлкен „Қарцемент,“ іске кірісті. Бүгінде мұнда цемент сулы және құрғақ әдіспен бірнеше түрде шығарылуда, сапасы жоғары, мемлекеттік стандарттарға сай. Ал өнімге қажетті шикізат болса, дәл осы завод айналасынан табылуда. Сондай-ақ кент жанынан „Қазақмыс,“ ЖШС „Нұрқазан,“ кен орнының ашылуы да мұндағы тіршіліктің көкжиегін кеңейтті. Табиғи су өндіретін „Ақтау су-2006,“ ЖШС-сы халыққа қызмет көрсетуде. Өндіріспен қатар бұл елді мекенде шағын және орта бизнес кеңінен дамып келеді. Қазір саланың 83 нысаны ойдағыдай жұмыс істеп тұр. Халық тұтынатын азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары, түрлі қызмет көрсету орындары шағын және орта бизнестің аркасында көптің көңілінен шығуда. Былтыр мұнда мейрамхана ашылып, ел игілігіне айналды. Бүгінде Ақтау жасанды жасыл алаңдары жайнаған бес ойын алаңы бар облыстағы жалғыз кент екенін үлкен мақтанышпен айта аламыз. Бұрынғы кинотеатр ғимаратында орналасқан „Ақтау,“ мәдени-көңіл көтеру орталығында бес үйірме, «Эдельвейс» балалар аула клубы, спорт сарайы,



кітапхана, №28, №29, №32 орта мектептер, жүзден аса мектеп жасына дейінгі баланың тәрбие орталығына айналған „Әйгерім,“ бала бақшасы жұмыс істейді.

Іргетасы қаланғанына 65 жыл толған кентті оның тұрғындары мақтан тұтады, өйткені дәл осы шағын елді мекенде әлемге аты танылған талай аптал азаматтар өсіп шықты. Мәселен, пауэрлифтингтен Азияның бес мәрте, әлемнің бес мәрте, сондай-ақ жатып көтеруден сегіз мәрте чемпион Алексей Сивоконь дәл осы Ақтау кентінде туып өскен. Ол 1982 жылы 9 жасынан бастап дзюдо спортының секциясына барған, ал 1985 жылдан ауыр атлетикамен айналысты. Алексей Сивоконь отбасы оның он бес жасында Теміртауға қоныс аударды. Бұл әлемге әйгілі спортшының барлық өсіп, өркендеу, спорт саласын тандауы Ақтауда өткеніне дәлел болады. Серік Нұрқазов есімі қазақстандықтарға да, боксты сүйетін әлем қауымына да жақсы таныс. Ол осы Ақтау кентінде туып өскен. Ұлттық біріншіліктің Еуропаның талай мәрте чемпионы, Гаванада өткен „Достық,“ халықаралық турнирінің күміс жүлдегері Серік Нұрқазовты дәл осы бокс шыңына шығарған Ақтау мектебі десек артық

емес. Ол қазір де жоғарғы спорт шеберлігі облыстық мектебінде жасөспірімдерді бокс спортына баулып, талай жастың әлемге танылуына ұйытқы болып келеді.

Байырғы тұрғындар Ақтау кеңестік кезеңнің бір мұражайы ретінде сақталғанын үнемі мақтана айтып жүреді, тіпті кейбір әзілқойлар „мұнда ХХІ ғасыр әлі басталған жоқ,“ деп те айтады, өйткені кент көшелерінде Ленин ескерткіші және қызыл жүлдыз, балға мен орақ сияқты сол дәуірдегі естелік белгілер әлі күнге сақталып тұр. „Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды,“ деп жазылған үлкен мемориалдық кешенде Ұлы Отан соғысына қатысқан ақтаулық жауынгерлер есімдері менмұндалайды. Кенттің тұрғын үй қоры1350 жеке және екі қабатты үйлерден тұрады, сонымен бірге мұнда он екі бес қабатты тұрғын үй, он үш көпқабатты қираған үйлер бар.

Ен жалада ақшаңқан кент көтеріп, еліміздің алып құрылыстарына қажетті өнімді кідіріссіз жөнелтіп жатқан ақтаулықтар өмірінде түйткілді мәселелер де жетерлік. Олар әртүрлі деңгейдегі басқосуларда айтылып та, жазылып та жүр. Мұндағы ең басты қиындық жеті мыңнан аса халқы бар елді мекенде бір орталықтан

жылытатын қазандықтың болмауы. Бұл кешегі кеңес дәуірінде болған да, бірақ токсаныншы жылдардағы дағдарыс кезінде елдің қызмет ақысын төлемеуі салдарынан оның жұмысы тоқтаған-ды.

2011 жылы „Қазақмыс,“ корпорациясы, ал кейінірек бюджет есебінен орталық шағын қазандық салу бастамасы күні бүгінге дейін аяқсыз қалып келеді. Сондай-ақ он үш көпқабатты қираған үй де кенттің сәнін кетіріп тұр. Оған тұрғындар тұрмыстық күл-коқысты төгіп, маңайын қаңғыбастар мекендеп, қараусыз үй жануарлары жайылып, жайсыздық келтіруде. Бүгінгі таңда мұнда жұмыссыздар саны-122 адам делінгенімен, көпшілігі, әсіресе әйелдер жағы тиісті органдарға тіркелмей, өз беттерінше бау-бақша, үй шаруашылығымен айналысып күн көруде. Елді мекенді көріктендіру, көгалдандыру, тұрғын үйлерді жөндеу, жол мәселелерінде де көптеген шешілмеген проблемалар баршылық. Сондай-ақ тұрғындар саны аз болғанымен, баспанасыздар қатары да азаяр емес, қазір 120 адам кезекте тұр, соңғы екі жылда небәрі алты отбасы ғана пәтерге ие болған. Кентке қарасты Мырза станциясының


Ақтаудың алар асуы алда

мұнда қиыршық тас заводы іске қосылғалы бері төңіректің бәрі шаң-тозан болып кеткен.

Алдағы сенбі-жексенбі күндері кент тұрғындары Ақтаудың 65 жылдығын мерекелеп, атап өтетін болады. Мұнда осы оқиғаға орай „Адам. Уақыт. Өмір,“ атауымен, салтанатты жиын, одан кейін „Ақтау сен менің жастығым мен өмірімсің,“ атты мерекелік бағдарлама, би кеші, отшашу өтеді.

Ақтау оыдан алпыс бес жыл бұрын өмірге келген үлкен елді мекен, жұмысшылар кенті. Мұнда кешегі кеңес заманында да, бүгінгі тәуелсіз елімізде де қажырлы қайратын, жастық жігері мен құлшынысын ел экономикасын көтеруге арнаған үлкен-үлкен еңбек ұжымы жұмыс істеуде. Көптеген қол жеткен табыстар бүгінгі экономикалық әлеуметтік даму үрдісі, елді индустрияландырудың екінші бесжылдығын қарқынды атқарып жатқан ақтаулық цементшілер тұрмыстарғы қиындықтарға қарамастан әр күнді есенлі еңбекпен атап өтіп, өз Отанының нағыз патриоттары екенін көрсете білуде. Ақтаулықтар алатын асу әлі де алда, бұл кент тұрғындарының бүгінгі күнде және қазіргі заманғы мемлекет құруға „Қазақстан-2050,“ стратегиясын, „Нұрлы жол,“ бастамаларын жүзеге асыруға деген толық сенім барлығын көрсетеді.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Жазылған жайдың жаңғырығы

Бытыр, яғни 2014 жылдың 19 қыркүйегінде „Құрыш қала„ газетінде қала тұрғыны Асылхан Әшімхановтың „Асылхан менің аттасым, аттасымнан сақтасын„ атты мақаласы жарияланғаны мәлім. Автор бұл мақаланы газет редакциясына алып келгенде, біз одан қолында қандай да бір нақты айғақ-құжаттың бар-жоғын талап етіп, сонда ғана мақаланы жариялауға болатынын ескерткенбіз. Сонда ол әңгіме арқауы болған сонау 1995 жылғы мына (көшірмесін жариялап отырмыз) құжатты ұсынды. Содан соң ғана біз ҚР 1999 жылғы 20 шілдедегі „Ақпарат құралдары туралы„ Заңның 2-бабының 1-тармағындағы: „Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез-келген әдіспен алуға және таратуға ҚР Конституциясында кепілдік беріледі„ деген жолдарды басшылыққа ала отырып жариялаған едік. Содан соң қарсы тараптың да өз көзқарасын білдіріп, дәйектерін көлденең тартуына құқылы екенін Асылхан Әбленовке айтып, жауап жазуын сұрадық. „Жарайды, келесі нөмірге жазамын„ дегеніне сеніп, газеттің келесі саны беттеліп жатқанға дейін орын алып қойдық, бірақ А.Әбленов сөзінде тұрмады, жауабын жазбады, яғни мақалада келтірілген фактілердің болғанын Асылханның өзі толық мойындап отыр деуге негіз бар.Осыдан кейін мынадай жайттар орын алды, сол 2014 жылдың 11 қазанында редакцияның есігін Шығыс полиция бөлімінің тергеушісі, полиция капитаны Д.Тұрсымбекова жауып тастап, жұмыс істеуге біраз уақыт мүмкіндік болмады. Сөйтсек, қылмыстық іс қозғау және оны өз өндірісіне алу туралы 14352503101693 қаулы қабылданған екен.


Тергеушінің құжатынан сөзбе-сөз келтірейік: Қаулы еттім:

1.Теміртау қаласы ІІБ Шығыс полиция бөлімінде 01.11.2014 жылы ӨАЕК-да 10601 санымен тіркелген құжаттар бойынша белгісіз біреуге қатысты, ҚР ҚК-нің 327 б. 1.б. қаралатын қылмыс белгілерімен қылмыстық іс қозғауға және істі тергеу өндірісіне қабылдап, ал-

на, яғни тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығына қоңырау шалып, арыз иесін сұрағанда „ол еңбекке жарамсыз парағын алғанын, сондықтан, қазір жұмыста жоқ екенін„ айтты. Ал Жан-дос Анарбековтың ұялы телефонына хабарласқанда оның Оңтүстік Қазақстан облысында тойда жүргенін өзінен сұрап білді. Ал

Айтылмаса -

отырып,
Қаулы еттім:



дын ала тергеу амалдарын жүргізуге;

2.Қабылданған шешім туралы мүдделі жақтарға хабарлауға;

3.Қаулы көшірмесін Теміртау қаласының прокуро-рына жолдауға.

Тергеушінің сұрақтарына жауап бере отырып ұққанымыз, А.Әбленов арызды „Құрыш қала„ газетіне өздері заңсыз директор етіп тағайындаған Жандос Анарбековтың атынан жазыпты да, арыз жазылған соң арада екі күн өтер өтпестен оны жұмыстан алып тастап, орнына Шынуар Серікбайұлын тағайындапты. Газет редакциясында отырған тергеуші Д.Тұрсымбекова Ж.Анарбековтің жұмыс орны-

арада көп уақыт өтпей, редакцияның есігін екінші тергеуші келіп жауып тастап, бізді тағы тергеді. Бұл жолы Шығыс полиция бөлімінің тергеушісі, аға лейтенант Д.Ибраев тергеп, жауап алды, 14352503101693 санды менің үстімнен қозғалған қылмыстық іс құжаттарын қарап, тағы да сөзбе-сөз келтірейік:

„Осы оқиға бойынша 11.11.2014 ж. ҚР ҚК-нің 327-бабы 1-бөлімімен 14352503101693 санды қылмыстық іс қозғатылған.

Тергеу барысында азамат Т.Смағұловтың әрекетінде ҚР ҚК-нің 327-бабы 1-бөлімінде көрсетілген қылмысы жоқтығы анықталды.

Жоғарыдағыны ескере отырып және ҚР ҚК-нің 327-бабы 1-бөлімін негізге ала

1.Осы қылмыстық іс бойынша азамат Т.Смағұловтың іс-әрекетінде ҚР ҚК-нің 327-бабы 1-бөлімінде көрсетілген қылмысы жоқтығы анықталғанына байланысты қылмыстық іс қысқартылсын.

2.Қаулының көшірмесі Теміртау қаласының прокуро-рына жолдауға.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі азаматтарға хабарлап, осы қаулыға шағым келтіруге құқықтары бар екендерін түсіндіруге„

Осылайша, тергеушілер тергеп, ешқандай қылмыстық іс-әрекет таппай, А.Әбленовтың менің үстімнен қозғатқан қылмыстық ісін қысқартып тастады. Ол жұмыс істеуге мүмкіндік бермеген соң, „Құрыш қала KZ„ газетін ашып, жұмысымызды жалғастыруға тура келді. Сол кезде „Құрыш қала„ газетіне тиісті құжаттарды бергенімде,

А.Әбленовтың орынбасары Шынуар Серікбайұлы „маған алма деп айтқан„ деп құжаттарды алудан бас тартты, бұл туралы сол мезетте куәлардың көзінше акт жасалды. Хош, мұны бір делік.

Екіншіден, 2015 жылдың

9 қаңтарында Асылхан Әбленов қала әкіміне шағымданыпты. Бұған


дейін кеңейтілген аппарат мәжілістерінде „Сіз неге қазақша сөйлемейсіз?„ деп әкімге шүйлігіп жүрген

А.Әбленов тіл жанашыры ретіндегі кейпінен мүлдем айнып, екі беттен тұратын

хатын бастан-аяқ ресми тілде жазыпты. Сөзіміз дәлелді болуы үшін одан да үзінді

келтірейік: „Совет Аксакалов города вынужден поставить Вас в известность о том, что

почему газета „Құрыш қала„ с 18.12. 2014 года перестала издаваться. Бывший ди-



ректор газеты „Құрыш қала“, Т.Смағұлов **безответственно исполнял** свои прямые обязанности и **преступным образом** организовал **клеветнические материалы** и **несанкционированные собрания**, чтобы скрыть свои нездоровые намерения. После всего неизвестным путем открыл газету „Құрыш қала KZ“, „В данное время не выдает все имущества, лицензионную программу, финансово-бухгалтерские документы газеты „Құрыш қала,“. По этой причине совет Аксакалов, как учредитель этой газеты, не может помочь новому составу редакции газеты „Құрыш қала, об изданий газеты „Құрыш қала,“.

В чем заключается безответственность Т.Смағұлова:


1. Редакция газеты „Құрыш қала,“ не выполняла договор на услуги по про-

года с ГУ „Отдел внутренней политики г. Темиртау, договор не заключал. Договор заключается после объявления конкурса на 2015 год,“. Сөз реті келгенде айта кетейін, мен А.Әбленовтың жоғарыда жазған „**безответственно исполнял, преступным образом, клеветнические материалы и несанкционированные собрания**,“ деген сөздерін „әуелі дәлелдесін, менің ар-намысыма нұқсан келтірді,“ деп, оны сотқа беруге құқылымын, бұл алдағы күннің үлесіндегі шаруа.

А.Әбленовтың айтып отырғаны, 14.10.2014 жылы болған „Халық бірлігі, салт-дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін, қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Әбленовке сенімсіздік білдіруге арналған кезектен тыс жиналысында марқұм Арысов Жанастың сөйлеген

осы келеңсіз істі доғар деп ақыл айттық. Қазір қаладағы адамдардың бәрі Асылханға қарсы, бұл ойланатын жағдай. Газет директор болып жұмыс істей алатын қалада үш-ақ адам бар, олар: Т.Смағұлов, Қ.Ботанов, М.Оспанов. Ал газеттің редакторын ешкіммен алмастыра алмаймыз. Р.Алдашеваны ауыстыратын ешкім жоқ. Сондықтан біз қандай жағдайда да газетті сақтап қалуымыз керек. Қазақтың мүддесі ұлттың ісі деген нағыз осы газет. Сондықтан А.Әбленовты ақсақалдар алқасының төрағасынан босату жөнінде дауысқа салу керек, деген еді. Енді аталған мақаладағы «сасық еттің асылғанына тікелей куәміз, басы-қасында болғанымызды растаймыз» деп М.Әшімханова мен Н.Ордабаева растап отыр.

тағы да сақалды басымен өтірікке жол беріп: „...Бұдан басқа, оған тапсырылған мүлік...“ деп редакциядағы барлық жабдықтарды тізбелейді. Ашығын айтайын, мен директор болып тағайындалғанда маған мөр, куәлік, салық төлеуші куәлігі секілді басқа да бірқатар құжаттардан басқа ешқандай мүлік тапсырылған емес. Компьютер, телефон-факс, бағдарлама, принтер секілді басқа да мүліктерді журналистерге кәсіпкерлер сыйға тартқан, мұны сотта нақты айғақтармен және құжаттармен дәлелдедім. Айтып айтпай не керек, істі қараған судья Е.Досалиев 2015 жылдың 27 мамырында мән-жайды ақиқат таразысына тартып, А.Әбленовтың талап арызын тек ішінара қанағаттандыруға шешім шығарды, яғни бұрын өзім



төрағасы болып 13.02.2014 жылы сайландым, оған дейін ақсақалдар алқасының бірінші орынбасары болып істедім, деп өз аузынан айтқанындай, „Құрыш қала,“ газетінің тиражын сол өзі орынбасар болған жылдары көбейтуге неге атсалыспаған? Мен директор болғанға дейін, яғни газет ашылған күннен бастап мың данамен шығып келген, сонда неге үнсіз жүрген? Сондай-ақ мен директор болып 2013 жылдың желтоқсан айында тағайындалдым, ал ол 2014 жылдың шілдесінде мені тексеремін деді. Газет мемлекеттік тапсырыс негізінде шығатынын ескерсек, тендер сол жылдың тек сәуір айында ғана жарияланып, мемлекет қаржысы мамыр айынан ғана берілді, сонда мамыр, маусым, шілде айын, яғни бар болғаны үш айды тексере ме? Тым болмағанда арада бір жыл уақыт өтсе, біз өзіміз-ақ жыл қорытындысын ұсынар едік-ау. Біз мемлекеттік тапсырыспен шығатын болғандықтан, редакцияға берілетін әрбір теңгенің есебі болады, әр айда шығарған газетті, ондағы мемлекеттік тапсырысқа кіретін материалдардың әрбір шаршы сантиметрін құзырлы мекемеге есептеп тапсырамыз, ондағылар есептеп алады, содан соң ғана қаржы аударылады. Өз ретімен облыстық қаржылық-бақылау инспекторы да тексеріп отырады. Бұған қоса айтарым, ақсақалдар алқасының төрағасы болғандықтан мешітті, №5 қазақ мектебін, „Магнитка,“ ансамблін тексеремін деп қоғамдық ұйым жұмысын ұмыт қалдырып, тексеруге көшкен қажының іс-әрекетін аузы дуалы, сөзі уәлі ақсақалға жарасады деуге бола ма?

«Айтпаса сөздің атасы өледі» дейді халқымыз. Оқырман, бұның бәрін айтып, нақты дәйектер келтіріп отырғанымыз істің мән-жайын анықтап, ақ-қарасын ажыратуды өздеріңіздің патша-көңілдеріңізге қалдыруды ұйғардық.

СМАҒҰЛДЫҢ
Тілеубердісі

сөз атасы өледі

ведению государственной информационной политики через газеты и журналы. По договору необходимо было издавать 2 000 экземпляров газеты, Т.Смағұлов делал заявку печатному органу на 1 000 экземпляров, из них 214 экземпляров распространялось в городе, а остальные шли в макулатуру.


2. Т.Смағұлов не выполнял свои уставные обязанности, то есть статья 11.3 устава газеты „Құрыш қала,“ не предоставил отчетные документы проверяющему с 23.07.2014г. по сентябрь текущего года... Мұнан әрі Ақсақалдар алқасы мен „Құрыш қала,“ газетінің жаңадан тағайындалған директоры (олар Жандос Анарбеков пе, әлде Шынуар Серікбайұлы ма, аты-жөнін дерін жазбайды) қала прокурорына жазғанын, прокурордың Шығыс полиция бөліміне жолдағанын баяндайды. Ал біз жоғарыда Шығыс полиция бөлімінің тергеушісінің Қаулысын, яғни қозғалған қылмыстық істі тоқтатқанын сол қалпында келтірдік. Ал А.Әбленов қала әкіміне жазған хатында „Прокуратура г.Темиртау наши заявления передала Восточному отделу полиции. Восточный отдел полиции провел следствие и пришел к заключению о том что дело необходимо рассмотреть в суде,“ деп өтірікті судай сапырады. Сонымен қатар „Т.Смағұлов барлық мүлікті, лицензиялы бағдарламаны, бухгалтерлік есеп қисапты, бермей жүргенін айтады. А.Әбленовтың бұл хатына қала әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ш.Мырзахасымова былай деп жауап қайтарған тағы да сөзбе-сөз келтіреміз: „На ваше обращение сообщаем: Вновь созданная ТОО „Редакция газеты „Құрыш қала KZ“, от 18 декабря 2014

сөзі. Ол: „Біз Темиртауды қазақтандыруды №15 қазақ мектеп-гимназиясын ашудан бастадық. Одан кейін Т.Әубәкіров атындағы гимназия ғимаратын жөндедік, бұл істердің бәріне сол кездегі

Ендігі айтарым бітімгершіліктегі орын алған шешімдерді ұсынған А.Әбленов емес, сот та емес, мен болатынмын. Сот болардан бір күн бұрын А.Әбленов екеуіміз оңаша

части исковых требований отказать,“ деді шешімде.

Үшіншіден, А.Әбленов облыстық сотқа арызданып, ұзын сөздің қысқасы, одан да істі қараусыз қалдыру туралы шешім алды.



комбинаттың директоры А.Г.Свичинский деген азамат үлкен қолдау жасады. Тұңғыш рет Наурыз тойын тойладық, металлургтер мерекесін де үш күн қазақша сән-салтанатымен өткіздік. Сол кезде ұлттық рухтағы іс-шараларға белсене қатысқаным үшін комбинат маған жеңіл машина беріп, марапаттағаны бар. Ол жұмыстарға бізбен бірге Асылхан да қатысқан. Өкінішке орай сол кезде оның кейбір жағдайларда комбинаттың бөлген заттарын бас пайдасына жаратқанын біліп те жүрдік, бірақ қатардағы досымыз, санаулы қазақ жігіттері бір-бірімізді көзге шұқымайық дегендей, елеусіз қалдыра бердік. Сонымыз қателік екен, ол өзінің лайықсыз әдеттерін қоюдың орнына, қайта көбейтіп, қазір де орынсыз әңгімелер көтеріліп жатыр. Мен өзім Асылханмен қырық алты жылдан бері отбасылық доспын, сондықтан „дос жылатып айтады,“ дегендей, Ермек екеуіміз оның үйіне барып,

кездесіп, ешқандай мәмілеге келе алмадық. „Аруақ қонып, нар шөккен, Қыдыр дарып, бақ қонған,“ елде тәлім-тәрбие алған адам бір жолға кішірейе салайын, ел арасындағы өсек-аяң тыйылар,“ деген оймен: „Асылхан, сенің талап-арызыңдағы айтқаныңды орындайын, егер де соттасудың соңғы нүктесі қойылса,“ дедім. Оған А.Әбленов келісті. Бірақ та, іс жүзінде ол айтқан сөзінде тұрмай, тайқып шыға келді. Осы жасқа келгенде ол өз сөзінде тұрмайды деген менің үш ұйықтасам түсіме де кірмеген еді.

Ал А.Әбленов облыстық сотқа, қалалық сотқа шағымдануын әлі жалғастырып келеді. Қалалық сотқа, яғни Шығыс полиция бөлімінің тергеушісінің Қаулысын місе тұтпай, тағы да арызданды. „Сөзбе-сөз келтірейін: „...Өзінің қызметіне кіріскен күннен бастап жауап беруші Т.Смағұлов қызмет құқығына сай „Құрыш қала,“ газетінің редакциясы, ЖШС-нің барлық құжаттары берілген,“ дей келе

10 тамыз, дүйсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.00 «Таңшолпан»
09.35 «Жүзден жүйрік»
11.05,21.05 Айтуға оңай
11.45,19.30 Телесериал
12.30 Өнер шежіресі
12.45 Еңбек түбі – береке
12.45,01.40 Дауа
13.20 Білгірлер бәйгесі
14.10 «Ақсауыт»
14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00 Док. фильм
17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
17.50 Док.сериал
18.25 Балкер
19.10 ЕХРО-2017
21.50 Телесериал
23.40 Алып тұлғалар
00.55 Көкпар

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.30 Аймақтар алааманы
10.00 Ду-думан
11.10,00.55 Драма
11.30 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
12.25,12.35 Мультсериал
13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
15.15,23.35 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.25 Телесериал
17.15 Нүкте
18.10 Телесериал
19.00 ТВ Бинго
20.30 Арнайы хабар
21.30 Телесериал
22.00 Телесериал
23.10 Жекпе-жек

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Худ. фильм
13.00 Телесериал
13.50,20.40 Телесериал
14.35 Ашығын айтқанда
15.40 Судебные истории
16.45 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
20.40 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30-09.30 «Таңертеңгілік «5-арнада»
13.00 Вести-недели
06.40,07.10,08.45 «Дәмдес болайық»
07.00 Апта репортажы
07.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
08.15 Наши дети
08.20 Время творить
13.30 Азия айнасы
14.45 Жақсылардан ғибрат
15.05 Док. фильм
15.50 Моя Караганда
16.15 «Диалоги о животных»
